



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

интенсификацию центральноазиатского сотрудничества, в 2005 г. Астана обратилась к своим южным соседям с очередным призывом заняться вопросами региональной интеграции и анонсировала идею Союза центральноазиатских государств (СЦАГ). В качестве основы для реализации этой инициативы предлагался Договор о вечной дружбе, существующий между Казахстаном, Узбекистаном и Кыргызстаном. Астана предложила странам ЦА в перспективе «перейти к тесной экономической интеграции, двигаться к общему рынку и общей валюте».[2]

Таким образом, Астана предлагает своим центральноазиатским партнерам последовательное движение к тесному региональному взаимодействию на прагматичной основе с учетом особенностей каждой страны. В данном контексте эта стратегия находит поддержку в Бишкеке и Душанбе, официальный же Ташкент казахстанскую инициативу демонстративно не поддержал. Такая позиция Узбекистана продолжилась до 2018 года. 15 марта 2018 года впервые за долгое время лидеры Центральноазиатских стран встретились в Астане по инициативе президента Узбекистана Шавката Мирзиёева. Такой шаг глава Узбекистана принял из-за экономического потенциала Центральноазиатских стран, реализация этого потенциала поможет вывести экономику страны на новый уровень. Эта встреча решила многие проблемы стран этого региона и были достигнуты новые соглашения, благодаря которым, Центральная Азия перестанет быть полигоном борьбы за интересы России, США и Китая.[3] Узбекистан постепенно меняет свою политику «закрытой страны» и в скором времени создаст условия для интеграции со странами Центральной Азии. Интеграция стран этого региона выступит на мировой арене как новый субъект мировой политики таких как: ЕС, ШОС, НАТО и т.д.

Список использованной литературы

1. Новые независимые государства Центральной Азии в системе современных международных отношений. Р.Н. Джангужин. Киев 2005г., 376 с.
2. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации» от 16 февраля 2005 г. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.akorda.kz>. (Дата обращения: 19.12.2017 г.)
3. Сверхзадача для Казахстана: консолидация Центральной Азии. Жанар Тулиндинова. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://365info.kz/2018/03/pered-kazahstanom-stoit-sverhzadacha-po-konsolidatsii-tsa/>

УДК 63.321.96.(576)

ЖАҒАНДАНУ АЯСЫНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН ЛЕГІ: ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ

Бақытжан Мадияр Бақытжанұлы

dana-phd@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Саясаттану» мамандығының 4-курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қ.Д. Жанпеисова

Қазіргі таңда әлемдегі жастардың миграциясы бүгінгі күнгі ең өзекті проблемалардың бірі болып табылады. Себебі, қазіргі таңда саяхат жасау, әлемнің кез келген жеріне көшу немесе тұрғылықты жерін өзгерту үшін ең жақсы жағдайлар жасалған. Тек соңғы 50 жыл ішінде көші-қон масштабы 2,5 есеге өсті; әлемдегі мигранттар саны 200 миллион адамға жетті, соның ішінде көші-қон қозғалысының негізгі қатысушылары - 16 жастан 35 жасқа дейінгі жастар.[1]

Бүгінгі күні мигранттар саны күн сайын артып келеді. Бұл құбылыстың көптеген себептері бар.

Бірінші себеп. Әр құрлықта халық санының өсуі әрқалай. Туу көрсеткіші жоғары мемлекеттердің халқы туу көрсеткіші төмен елдерге қоныс аударады. Ондай мемлекеттерде оқу, жұмыс табу және т.б. жеңілірек.

Екінші себеп. Елдер арасындағы экономикалық айырмашылық. Белгілі болғандай, барлық елдер өздерінің экономикалық жағдайында бір-бірінен ерекшеленеді. Жасөспірімдер мұны түсінеді және кедей елдерден дамыған елдерге көшуге тырысады.

Үшінші себеп. Еуропадағы қартаю үдерісі жеделдей түсті. Кейбір болжамдар бойынша, 2025 жылға қарай халықтың 47% зейнеткерлер болуы мүмкін деген қауіп бар. Еуропалық мемлекеттер зейнеткерлер үшін жақсы өмір сүру деңгейін қамтамасыз ете алмайды. Африкада, керісінше, халық жас. Демек, Еуропа елдеріне қоныс аудару деп санауға болады, өйткені жұмыс орындарының саны көбірек. [2]

Бір қарағаннан, миграциялық процестің ешқандай ауыр зардаптары жоқ секілді болып көрінеді, бірақ егер ол туралы жақсылап ойлансаңыз, көші-қонның оң да теріс те салдары бар.

Оң нәтиже - мигранттар екі ел үшін де пайдалы. Өз еңбегімен тапқан ақшаға олар басқа елде тұратын отбасыларын асырайды. Олар ақша жіберіп, отбасыларына қаржылай көмектеседі. Ал мигранттар жұмыс істейтін елдер, әдетте, ақша аударымдарын ұсынудан пайда көреді. Мигранттардың жинақтаған тәжірибесі мен кәсіби дағдыларын өз елдеріне қайта оралғанда пайдаланатының да назардан тыс қалдыруға болмайды. Өз білімін олар басқалармен бөлісіп, өмір процесінде белсенді түрде қолдана алады.

Миграцияның теріс нәтижесіне мигранттардың басқа елдерге келгенде, өздерінің әдет-ғұрыптарын, дінін, дәстүрлерін әкелуін жатқызуға болады. Олар келген елдердің дәстүрлерінен ерекше, сондықтан байырғы тұрғындар мен бөтен этникалық топтар арасында түсініспеушілік пайда болады. Уақыт өте келе бұл түсінбеушілік барған сайын артып, болашақта үлкен қақтығыстарды тудыруы мүмкін.

Сонымен қатар, көші-қон Еуропадағы кейбір елдер үшін проблема айналды. Мысалы, Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия. Бұл елдер көптеген мигранттарды қабылдап, оларды оқытты, жұмысқа орналастырды. Бірақ уақыт өте келе заңсыз көші-қон байқала бастады. Осының кесірінен қылмыс деңгейі, наркомания және т.б. өсті. [3]

Бір қарағанда, жастардың көші-қоны жақсы нәрсе әкелмейтіндей болып көрінеді. Өйткені, көптеген жасөспірімдер өз елінен, тіпті құрлығынан үйін тастап кетіп бара жатқанда алдында не күтіп тұрғанын түсінбейді. Көптеген жасөспірімдер өздерінің мүмкіндіктерін асыра бағалап, жаңа өмірде бәрінде өздері істеу керек екендерін ұмытып кетеді.

Бірақ барлық жағдай бірдей емес. Бүгінгі күні жастар мен ересектердің көші-қоны оңай және қауіпсіз болуын қамтамасыз ету үшін көптеген шаралар қабылдануда. Мысалы, Еуропа елдерінің саясаты шетелдіктерді байырғы халықтардың құндылықтарына тартуға бағытталған. Кейбір елдерде, мысалы, Германияда, көшіп-қонушылар үшін түрлі жобалар жүзеге асырылуда, соның ішінде қосымша тілдік курстар жүргізіледі. Азаматтықты беру жүйесі де жеңілдетілді. Бұрын шетелдіктер азаматтық алу үшін сол елде шамамен 15 жыл өмір сүруі тиіс еді. Қазір 8 жылға қысқартылды. Жастар үшін қазіргі уақытта алмасу мектептері жұмыс істейді. Олар жасөспірімге ата-анасыз басқа елге баруға мүмкіндік береді, сол арқылы тәуелсіз және жауапты болуға үйренеді. Жасөспірім шет тілдерін үйренеді, басқа елдердің балаларымен танысады.

Болат Сұлтановтың айтуынша, КСРО-ның құлауымен Қазақстаннан 4,1 млн адам көшіп кетті. Егер фокус-группа ретінде этникалық немістерді алатын болсақ, 990 мың адамнан қазір республикамызда тек 150 мыңы тұрады, көбінесе ұлтаралық отбасыларында. Булат Султанов отандық эксперттердің еңбектеріне сүйене отырып, елден ақылдылар кетіп, квалификациясы төмендердің келуі байқалады деп жазды. Халықты екі есе кедейлендірген теңгенің девальвациясы, әлеуметтік лифттердің жоқтығы, тілдік фактор, трайбализм және т.б. елден халықтың көптеп кетуіне септігін тигізіп отыр. Халықтың орташа өмір сүру деңгейі бойынша Қазақстан Конго мен Бангладештің ортасында тұр. Қазақстан білім беру,

денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру салаларында Ресейден артта қалғандықтан, республикадан көшіп кетушілердің басты бағыты - солтүстік көршіміз.

Студент жастардың миграциясы бойынша толыққанды статистика жоқ. ҚазҰУ-дың Еуразиялық зерттеулер орталығының директоры Галия Мовкебаева Қазақстаннан Ресейге жыл сайын 12,5 мың студент оқуға аттанады деп келтірді. Булат Султанов Ресей университеттерінде және олардың Қазақстандық филиалдарында 69 мың студенттің оқып жатыр деп келтірді. Елена Садовская Ресей Федерациясының көші-қон қызметінің деректеріне сілтеме жасап, оның деректері бойынша Қазақстанның 78 мың азаматы Ресейде оқиды деп келтірді. [4]

«Жастар» ғылыми зерттеу орталығы қазақстандық жастардың көші-қоны көңіл-күйі тақырыбына жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижесі бойынша, жалпы алғанда, жағдай жаман емес деген қорытынды жасауды. Сауалнамаға қатысушылардың 51,3%-ы өз болашақтарын Қазақстанда көреді, тағы 33,8 %-ы басқа елде біраз уақыт тұрып, әрі қарай өз елінде өмір сүруді қалайды. Орыс этносты жастардың Ресейді таңдауы заңдылық болып табылады, сондықтан 67,2% жастар өз тарихи отандарына қайтып оралғылары келеді. Ал қазақ ұлтының әрбір үшінші өкілі болашақта өздерін АҚШ-та көреді.

Қостанай, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстары басқа өңірлермен салыстырғанда жоғары эмиграциялық көрсеткішкішті аймақтар. Сонымен қатар, жоғары білімі бар жастардың амбиция мен миграциялық көңіл-күй басым болады. Ғылыми және академиялық дәрежесі бар респонденттердің 60%-ы, жоғары білімі бар респонденттердің 36,1%-ы эмиграциялық ниеттерін жүзеге асыру мақсатында тіл үйреніп, шетелде жұмыс істеу мүмкіндіктері туралы ақпаратты жинаумен айналысуда. Респонденттердің 42%-ы өздерінің қоныс аударуды жоспарлаған мемлекетінде жұмысқа орналасудың орташа мүмкіндіктеріне ие екендігінде күмандары жоқ, ал әрбір үшіншісі өз мүмкіндіктерін «жоғары» деп бағалайды.

Сауалнамаға қатысушылардың 90%-ы шет елде екі ай шамасында болып келген. Жастарды басқа елдер мен халықтардың өмір сүру салты қызықтырған, әлемді танып-білу мен өз дүниетанымдарын кеңейтуге мүдделі болған. Сауалнамаға қатысқан жастардың жартысына жуығы «қаржылық мүмкіндіктердің жоқтығын» эмиграция үрдістеріне басты кедергі деп таниды. Қазақстандық жастардың басым көпшілігі «Болашақ» бағдарламасы туралы ғана ақпараттанған және одан өзге де білім алу мүмкіндіктерімен мүлдем таныс емес.

«Негізінде, жастардың шетелде сапалы білім алуға талпынуы, тіпті сонда жұмыс істеуге ұмтылуында алаңдатарлық ештеңе жоқ, себебі қазіргі жағдайда бұл жаһандандудың табиғи салдары. Мәселе кең ауқымды қамтымайды, зерттеу барысы көрсеткендей, жас қазақстандықтар өз Отанын жақсы көреді, осы жерде және қазір оған қызмет етуге дайын. Бұл зерттеу жастар арасындағы олардың мансабын жүзеге асыруға байланысты өзекті мәселелерді анықтады. Жұмыс тәжірибесінің болмауы, жалақының төмендігі мен өмір сүру аймақтарында жұмыс орындарының жетіспеушілігі, олардың өмір сүру сапасына айтарлықтай әсер ететін үш негізгі себептердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, жастар кәсіпкерлік қызметте айтарлықтай белсенділік танытпайды. Мысалы, жиырма адамның тек біреуінде ғана өз жеке кәсібі бар», - деп орталық директоры зерттеу нәтижесін қорытындылады. [5]

2016 жылы Қазақстаннан көшкен азаматтар саны 34965 адамды құрады, бұл көрсеткіш 2015 жылмен салыстырғанда 16,4 пайызға артқан. Мұндай көрсеткішті ҚР-ның Ұлттық Экономика министрлігінің статистика комитеті келтіріп отыр. Комитет зерттеу бойынша Ресейге 28677, Германияға 2637, Беларусьға 393, АҚШ-қа 228, Польшаға 173, Канадаға 168 адам.

Саясаттанушы Айдос Сарымның айтуынша 2016 жыл Қазақстан үшін миграция тұрғысында өте нашар болды. Себебі бұған дейін елімізге келушілердің саны кетушілерге қарағанда көп болды. Соңғы екі-үш жылда елге қандастарымызды репатриациялау тоқтап, болып жатырған террористтік актілер, девальвация себебінен көптеген адамдар көшті. Саясаттанушының ойынша қазіргі таңда Қазақстанда миграциялық процестерді сапалы түрде

зерттейтін жеке ғылыми-әлеуметтік институт жоқ. Егер мұндай институт қалыптасып, Қазақстан халқын сақтап қалудың жолдарын іздесе, қазіргі таңда мемлекетіміз эмиграцияның алдын алр еді. [6]

Саясаттанушы Мұхит Асанбаев: - «Еуразиялық экономикалық одақтың жұмыс істеуі орыс тілді жастардың көшуін жеңілдетті. Олардың ішінде абитуриенттер көп. Елдің солтүстік өңірлеріндегі орыс мектептерінің түлектері, көбінесе ресейлік жоғарғы оқу орындарына түседі.»

Жастардың Қазақстаннан көшуі аналитик Дархан Жумашев зерттеді. Елден шыққан азаматтардың көбісі – студенттер деген пікір бар. Осындай мәлімдемелердің нақтылығын анықтау үшін біз соңғы үш жылдағы иммиграциялық ағындарды талдауға шешім қабылдадық.


Студенттер ағынының негізін құрайтын Ресейге эмиграция 2012 жылдан 2017 жыл аралығында жыл сайын 22 мыңдай адамды құрады. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректеріне сүйене отырып жастарды үш категорияға бөлдік. Колледж бен жоғары оқу орындарына түсетін жастар (16-20 жас), магистратура мен PhD программалары бойынша оқитындар (25-29 жас), 1-5 пен 30-34 жастағылар (балалы жас отбасылар).

Көріп отырғанымыздай, 16-20 жас аралығындағы әлеуетті студенттердің зейнеткерлері 1-5 жастағы балаларға қарағанда 1,5 есе аз және 30-34 жастағы ересектерден 2,5 есе аз, яғни азаматтардың ең үлкен ауысуы Қазақстан соңғы үш жылда тренингке тартылмаған, ең жас отбасылардың саны ең көп саналды », - дейді сарапшы. Оның пікірінше, соңғы үш жылдағы сыртқы көші-қон ағынын талдау мынадай негізгі үрдістер туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

1. Елден кетіп жатқан азаматтардың басым көпшілігі білім алу үшін емес, шетелдерде отбасылар мен балалармен бірге тұрақты тұру үшін шетелге кетеді. Олардың 90 пайызы тарихи отанымен біріктіріледі. 2. Қазақстандықтардың көшіп келуінің екінші маңызды себебі - белсенді жылдарда, шамамен 30-34 жастағы жұмыс табу мүмкіндігі. 3. 2012 жылдан 2017 жылға дейінгі сыртқы көші-қондың теріс сальдосы бес жыл ішінде орташа есеппен 10 мың адамды құрады. Бұл табиғи өсімге байланысты халықтың азаюына әкелмейді. Сол кезеңде орташа жылдық өсім 259 мың адамды құрады. Басқаша айтқанда, бір қазақстандыққа 26 жаңа қазақстандық келеді. Дархан Жұмашевтың айтуынша, қолда бар деректер біздің мектепте немесе жоғары мектептегі біліміміздің жақсы екенін көрсетеді. «Жастарды үйрену елден кетпейді, эмиграция егде жастағы жылдарда жүреді, ал білім беру жүйесіндегі түлектер білу немесе тілде тағайындалған елде қандай да бір ерекше қиындықтарды бастан кешпейтінін, жоғары білімді болғандықтан, дүниедегі өмірге жетелейтіндіктерін біледі , құқықтық қоғамның принциптеріне үйреніп, Қазақстандағы байланыстарын және тіпті бизнесін сақтай алады.

Критерии	2015			2016			2017		
	прибыло	выбыло	сальдо	прибыло	выбыло	сальдо	прибыло	выбыло	сальдо
1-5 лет	1104	2492	-1388	468	2244	-2379	700	3363	-2663
16-20 лет	1406	1646	-240	1261	1922	-661	1573	1746	-173
25-29 лет	2584	3446	-862	2237	3932	-1695	2362	3914	-1552
30-34 года	1905	3697	-1792	1655	4359	-2704	1980	4977	-2997
Остальные	9582	18766	-9181	8134	22443	-14309	9466	23704	-14238
Всего	16581	30047	-13466	13755	3490	-21145	16081	37704	-21623

Менің ойымша, әлемнің кез-келген елі осы нәтижеге қуанатын болады. Әрине, қажет білімді алғандықтан, кейбір сарапшылар елден кетеді. Мемлекет жастарды тәрбиелеу мен оқытуға көп қаражат салады. Бірақ табиғи өсімді ескеруіміз керек. Мамандар кетіп, кез келгені туралы пікір бар. Шындығында, сурет өзгеше: 26 медицина түлектерінің біреуі қоныс аударады. Немесе бір түлектің медицина бітірушісі үшін 26 дәрігер болашақ дәрігерге барады», - деді ол. [7]



Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Масштабы миграции [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.dslib.net/soc-struktura/transnacionalnaja>, свободный.
2. Сегодня число мигрантов возрастает с каждым днём. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.zpu-journal.ru/zpu/contents/2012/2/Khudave>, свободный.
3. Миграционные процессы в Европе. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://fostu.ucoz.ru/publ/socialno_ekonomicheskie, свободный.
4. Миграция: из Казахстана уезжают умы, а пребывает неквалифицированная рабочая сила. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://zonakz.net/2017/05/25/migraciya-iz-kazaxstana-uezzhayut-umy-a-pribyvaet-nekvalificirovannaya-rabochaya-sila/>
5. «Жастардың еңбек және оқу миграциясына даярлығын зерттеу» атты әлеуметтік зерттеу тақырыбына арналған «Жастар» ҒЗО ақпараттық анықтамасы. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://elzhastary.kz/index.php/kz/bilim-bazasy/zertteu-n-tizheleri/514-zhastardy-e-bek-zh-ne-o-u-migratsiyasyna-dayarly-yn-zertteu-atty-leumettik-zertteu-ta-urybyna-arnal-an-zhastar-zo-a-paratty-any-tamasy>
6. 60% русскоязычного населения Казахстана — потенциальные мигранты — политолог. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://365info.kz/2017/03/60-russkoyazychnogo-naseleniya-kazahstana-potentsialnye-migranty-politolog/>
12.04.2017 Аналитик подготовил исследование об эмиграции молодежи. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/analitik-podgotovil-issledovanie-ob-emigratsii-molodeji-338294/